

[https://doi.org/10.53360/3107-0493-2026-2\(8\)-4](https://doi.org/10.53360/3107-0493-2026-2(8)-4)

ЭТНОАРХЕОЛОГИЯДА ЭПИГРАФИКАЛЫҚ ЕСКЕРТКІШТЕРДІ ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕСІНЕ (АБАЙ ОБЛЫСЫНЫҢ МАТЕРИАЛДАРЫ МЫСАЛЫНДА)

М.Г. Насыров

Шәкәрім университеті, Семей, Қазақстан

E-mail: nasiyrovf@gmail.com

<https://orcid.org/0009-0000-1865-6671>

Аңдатпа. Мақалада Абай облысында кездесетін эпиграфикалық ескерткіштерді анықтау және жүйелеу мәселелері этноархеологиялық зерттеулер тұрғысынан қарастырылды. Қазақстан археологиясында этноархеологиялық зерттеулер маңызды тақырыптарды қамтып, кеңестік кезеңде де бірқатар еңбектер жарық көрді. Бүгінде этноархеология белгілі бір дәрежеде мамандар мектебі қалыптасқан өзіндік салалардың бірін құрайды. Дегенмен бұл салада эпиграфикалық ескерткіштерді зерттеу жұмыстары ел бойынша толық қамтылмай келеді. Мәселен, эпиграфикаға бағытталған зерттеулердің басым бөлігі Қазақстанның оңтүстік және батыс өңірлерінде шоғырланып, ірі жобалардың шеңберінде немесе жеке қызығушылық бағыттарында ғана жүргізіліп келеді.

Мақалада бұл мәселе Абай облысының аудандарында және Семей қаласының көне зиратында кездесетін құлпытас тар негізінде талданады. Облыс жерінде толық емес немесе сирек кездесетін эпиграфикалық ескерткіштердің көбі дерлік арабжазулы құлпытас тар болғандықтан, зерттеу барысында мамандардың тапшылығы мен әдебиеттердің жеткіліксіз болуы сезілді. Сонымен бірге құлпытас тар жекеленген аудандарда шашыраңқы сақталғаны байқалды. Оларды өзара салыстыра зерттеу үшін материалдық базаны тереңдету аса қажет.

Абай облысында 2025 жылы жүргізілген этнографиялық экспедицияның алдын ала деректемелерін саралай келе, этноархеологияда эпиграфикалық ескерткіштерді зерттеу мәселелерінің бар екені анықталды. Облыс жеріндегі кейбір ескерткіштерге сипаттама жасалып, мәтіндер ғылыми көпшілік қауымға ұсынылса да, кодиколог ғалымдардың, араб тілі мамандарының пікірі жетіспеуі мүмкін. Аталған мәселенің мәнін тереңірек ашу мақсатында Абай облысындағы эпиграфикалық ескерткіштер негізге алынып, анықталған мәселелер мен қорытындылар ғылыми қауымдастық назарына ұсынылды.

Түйін сөздер: Абай облысы, Жаңасемей ауданы, Тоқтамыс зираты, Семей қаласы, Ескі мұсылман қорымы, этноархеология, эпиграфикалық ескерткіш, құлпытас.

Алғыс айту: Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитетінің 2024-2026 жж. арналған бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру шеңберінде, ЖТН BR24992916 «Абай облысын кешенді тарихи-археологиялық зерттеу» жобасы аясында дайындалды.

Кіріспе

Бүгінгі тарих ғылымы жекеленген гуманитарлық сұрақтарды, мысалы, қоғамның дамуы, әлеуметтік психология, ауызша тарих, тарихи жады сияқты т.б. тақырыптарды біріктіріп, оларды өз бағыттарына қарай жеке-жеке қарастыруға және зерттеу жұмыстарының тиімді жүргізілуіне мүмкіндік беріп отыр.

Осы бағыттардың ішінде тарихпен тығыз байланысты этноархеология – гуманитарлық ғылымдардың ішінде жанжақтылық пен пәнаралық ізденістерді талап ететін жас салалардың бірі. Бұл сала археологиялық, этнографиялық және тарихи мәселелерді қоса қамтып, белгілі

бір аумақта қалыптасқан этнос немесе әлеуметтік топтың материалдық және рухани мұрасын зерттеу үшін кең мүмкіндіктер алаңын туғызады.

Этноархеологиялық зерттеулердің басты мақсаты – қазіргі немесе тарихи кезеңдердегі қоғамдардың өмір сүру тәжірибесін зерттеу арқылы археологиялық ескерткіштерден табылған материалдық мұраның пайда болу, қолданылу және сақталу заңдылықтарын анықтау және баға беру. Оны қазіргі халық жағдайында талдай алып, өткен тарихпен байланыстыра білу және т.б.

Белгілі бір этностың жүздеген жылдарға созылған даму үрдісі түрлі тарихи кезеңдерден өтіп, күрделі әлеуметтік қабатты қалыптастыруы ықтимал. Мысалы, археологиялық қазбалар барысында анықталған тұрғын үй кешендерінің қалдықтары, шаруашылық құрылыстар, тұрмыстық бұйымдар, еңбек құралдары немесе жерлеу кешендері сол замандағы қоғамның өмір салтының материалдық көрінісі ретінде қарастырылады. Алайда бұл нысандардың қызметі мен мағынасын түсіну үшін этнографиялық ұқсастықтар мен құндылықтарға жүгіну қажеттілігі туындайды. Ал этноархеология саласы қазіргі немесе жақын тарихи кезеңде қалыптасып болған этностардың мәдени тәжірибесін зерттей отырып, археологиялық интерпретациялардың ғылыми негізділігін арттырады.

XIX ғ. тарих ғылымының дамуы мен ақпаратты толыққанды меңгеру әдістерінің өрісі кеңейіп, әр халықтың тарихын зерттеу мүмкіндіктері де арта түсті. Этностың немесе әлеуметтік топтың материалдық мұрасының рухани құбылыстармен тоғысқан мәдени белсенділігін зерттеу бүгінгі ғылымдағы өзекті де қызықты тақырыптардың қатарында түрлі салаларда еңбек етіп жүрген зерттеушілерді тартуда.

Қазақ халқының бай этнографиялық мұрасын зерттеу ісі қазіргі таңда жаңа көзқарас пен методология негізінде барлық ғылым салаларында жанжақты зерттеліп келеді.

Материалдар мен әдістер

2022 ж. Президент Қ. Тоқаевтың жарлығымен Абай облысы құрылды. Содан бері облыстың тарихы мен этнографиялық мұрасының және тарихи-мәдени ескерткіштерінің картасын жасаудың маңыздылығы артты. Бүгінгі таңда облыс аумағында сәулет және археологиялық ескерткіштерден бөлек, сан түрлі этнографиялық маңызы бар нысандар, солардың қатарында эпиграфикалық ескерткіштер көптеп кездеседі.

Аталған мәселені қарастыруда Абай облысының Жаңасемей, Абай және Аягөз аудандарында кездесетін құлпытастар мен Семей қаласындағы Ескі мұсылман қорымындағы кейбір құлпытастар, мысалы, Жаңасемей ауданындағы Тоқтамыс ибн Базардың, Семей қаласындағы Токмұхаммет Алтынторыұлының қабіртастары негізгі материалдар ретінде қарастырылды. Құлпытастардағы мәтіндер тарихи тұлғалардың аты-жөндерін, шыққан тегі мен өмір сүрген кезеңіне қатысты кейбір деректерді анықтауда маңызды дереккөздік қорды құрайды. Мұндай мәліметтерді іріктеу мен саралау барысында кездесетін мәселелерді зерделеу үшін құлпытастардың маңызы ерекше.

Зерттеу жұмысы барысында ең алдымен сипаттамалық әдіс пайдаланылды. Бұл әдіс арқылы эпиграфикалық мәтіндері бар ескерткіштердің сыртқы ерекшеліктерін, өлшемдерін, жазудың орналасуы мен сақталу деңгейін анықтау көзделді. Ал палеографиялық әдіс мәтіндердегі әріптердің графикалық ерекшеліктері мен мазмұнын зерттеуге бағытталған. Салыстырмалы-тарихи әдіс мәтіндерді басқа жазба деректермен салыстыруға мүмкіндік береді. Этнографиялық әдіс эпиграфикалық деректерді халықтың ауызша тарихымен, дәстүрлерімен, әдет-ғұрыптарымен және тарихи жадында сақталған мәліметтермен байланыстыра зерттеуді көздейді. Әсіресе қазақ даласындағы құлпытастардағы жазуларды зерттеу барысында жергілікті тұрғындардың тарихи естеліктері маңызды дереккөз ретінде қарастырылады.

Бұндай пәнаралық зерттеу тәсілі белгілі бір этностың этномәдени болмысын жан-жақты тануға және тарихи деректердің ғылыми құндылығын арттыруға мүмкіндік береді.

Талқылау

Этноархеология археологиялық зерттеулердің теориялық және әдіснамалық негіздерін жетілдіруге ықпал ететін маңызды ғылыми бағыт болып саналғандықтан, бұл салада далалық бақылаулар, сұхбат алу, картографиялық әдістер және эксперименттік археология тәсілдері зерттеушілер тарапынан кеңінен қолданылады.

Қазақстан археологиясының тұрақты дамуы 1946 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясы құрылғаннан кейін жаңа сипат алып, археологиялық зерттеулер Тарих, археология және этнография институты аясында жүйелене бастады.

Жалпы Қазақстан эпиграфикасындағы петроглифтер және т.б. этнографиялық кезеңге дейінгі зерттеулер XX ғ. 60-70 ж.ж. жаңғыртылып, қарқын алды. Сол жылдары Ғ. Мұсабаев, А. Махмұтов, Ғ. Айдаров авторларының зерттеулері өзекті болды (Мұсабаев және т.б., 1971).

Қазақстандағы эпиграфикалық мұраны зерттеу ісінің қалыптасуы мен дамуына көптеген отандық ғалымдар елеулі үлес қосты. Олардың қатарында археологиялық және эпиграфикалық деректерді ғылыми тұрғыдан талдап, айналымға енгізген Ә. Марғұлан, К.Байпақов, Т. Бәсенов, С. Әжіғали, З. Самашев, Ғ. Айдаров сияқты т.б. зерттеушілердің еңбектері айрықша орын алады.

1991 жылы Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының құрылуы зерттеулердің бағыттық аясын тереңдете түсті. Соңғы жылдары этноархеология дербес ғылыми бағдар ретінде қайта жаңғырды. 2024 жылдан бастап Марғұлан атындағы Археология институты аясында этноархеология бағытының жеке дамуы аталмыш саланың ғылыми сұранысы артқанын көрсетеді. Бұл бағытта ғылыми ізденістер жүргізіп, материалдарды жинақтау мен жүйелеу және жариялау ісімен айналысып жүрген зерттеушілер А. Кушкұмбаев, Г.С. Жұмабекова, Б. Дүйсенов және т.б. есімдерге тоқталамыз. Ескерткіштану саласына елеулі үлес қосқан ғалым Р. Бекназаровтың еңбектері құнды (Бекназаров, 2018).

Солтүстік өңірлерде тәуелсіз зерттеу жұмыстарын жүргізіп, этнографиялық кезеңдегі құлпытастарға назар аударған Талапкер Уәлиевті, С. Әжіғали бастаған экспедицияларға жиі қатысатын кодиколог Тимур Талғатты, батыс өңірдегі ізденістерде Қазыбек Құттымұратұлын және т.б. атап өтуге болады.

Соңғы жылдары эпиграфикалық ескерткіштерге қатысты көлемді еңбектер жариялаған ғалымдар тобы Ә. Мүминов, Д. Медерова, Б. Дүйсеновтардың зерттеулері аталмыш мәселелерді қарастыруда маңызды (Мүминов және т.б., 2024).

Эпиграфикалық ескерткіштерді зерттеу жұмыстарын белсенді түрде отандық этнолог және археолог С.Е. Әжіғали жүргізіп келеді. Оның эпиграфика саласын зерттеп, этноархеологияға қосқан үлестері бірқатар еңбектерінен көрініс тауып, бүгінгі таңда ірі тарихнамалық базаны құрап отыр.

Отандық тарихнамаға жүгінсек, эпиграфикалық ескерткіштерді зерттеу жұмыстары Қазақстанның батыс өңірлерінде 1980-жылдардан-ақ басталып кеткенін көреміз (Аджигалиев, 1983; Ажигалиев, 1994). Ал Шығыс аймақта бұл іс баяу дамып келеді. Бүгінгі Абай облысының жекеленген өңірлерінде құлпытастардың саны мен сапасы әлі де анықталмаған, кешенді зерттеулерді талап етеді.

С.Е. Әжіғали Қазақстандағы тарихи-мәдени ескерткіштерді зерттеу тәжірибесін «қазақ ескерткіштануы» деген жеке ғылыми-практикалық бағыт ретінде ұсынады. Ол мемориалдық архитектура, жерлеу-қорымдық кешендер, сакралды орындар мен шағын сәулет нысандарын тұтас бір кешенді зерттеу саласы деп қарастырады (Ажигали, 2011). С. Әжіғалидің осы концептуалдық бағыттың ішкі бір тармағын, мысалы, қазақ «құлпытастарын» якуттың «сэргэ» нысандарымен салыстырмалы-типологиялық тұрғыдан талдауға арналған мақаласы қазақтың жерлеу-ғұрыптық кеңістігіндегі көбіне ағаштан немесе тастан жасалған белгі нысандарын кең географиялық аяда қарастырып, олардың аймақтық нұсқаларын талдайды. (Ажигали, 2023).

Зерттеуде бұл әдіснамалық ұстаным Абай облысының материалдарын талдауда да пайдалы. Этноархеологиялық тұрғыдан қарағанда кез келген эпиграфикалық ескерткіш кемінде екі деңгейлі дереккөздік базаны құрай алады. Мысалы, онда мәтін арқылы белгілі бір тарихи тұлға, әулет, діни мәртебе, хронология және этникалық немесе тілдік орта туралы

ақпарат сақталады. Екіншіден, оның материалдық пішіні арқылы жерлеу дәстүрі, өңірлік ерекшелік және ғұрыптық мәдениеті көрінеді (Ажигали, 2011).

Жаңа құрылған Абай облысы аумағында этноархеологиялық зерттеулермен қатар эпиграфикалық ескерткіштерді анықтау және зерттеу ісі Қазақстанның өзге облыстарымен салыстырғанда әлдеқайда кеш қалып отыр. Оған себеп ретінде Абай облысындағы ескерткіштердің географиялық тұрғыдан шашыраңқы орналасуы, статистикалық мәліметтердің жетіспеушілігі және ғалымдардың тартылмауы сияқты себептерді айта аламыз.

Мысалы, Қазақстанның батыс аймағындағы тарихи-мәдени ескерткіштерді зерттеу мен арнайы альбомдардың жарыққа шығуы, атап айтқанда, Маңқыстау бойынша салыстырмалы түрде қарқынды дамып келеді (Маңқыстау, 2014). Атырау қазақтарының эпиграфикалық ескерткіштер мұрасына арналған фотоальбом жарық көрген және т.б. (Атырау, 2017). Абай облысы территориясында да этноархеологиялық зерттеулерге негізделген еңбектердің көптеп шығуы өзге ескерткіштерді тіркеу, салыстыру және мәтіндерін оқу ісін әлдеқайда тиімді ететін еді.

Семей қаласында аумағы 170 мың м² асатын Ескі мұсылман қорымында XIX ғ. ортасынан бергі сақталған арабжазулы эпиграфикалық ескерткіштер көптеп кездеседі. Кейбір құлпытастардың оқылуы мен сипаттамалық ерекшеліктері жүйеленіп, Татарстан ғалымдарының ұжымдық еңбектерінде жарияланған (Милли-мәдени мирасыбыз, 2017).

Автор тарапынан 2023-2025 жылдары жекеленген тақырыптарда экспедициялық зерттеулер жүргізіліп, нәтижелердің кейбір үлгілері ұсынылды. Мысалы, Ескі мұсылман қорымынан Семей қаласында XIX ғ. өмір сүрген көрнекті дін қайраткері Риза хазіреттің қабіртасы табылды (Насыров, 2023). Аталмыш қорымнан көрнекті дін қайраткері Токмұхаммет Алтынторыұлы құлпытасы (Насыров, 2024) және Семейдегі кейбір рухани тұлғалардың құлпытастарының анықталуы (Насыров, Каримов, 2025) нәтижесінде Абай облысының эпиграфикалық ескерткіштер мұрасын зерттеу үшін материалдардың жетіспеушілігі сияқты мәселелердің бар болғаны байқалды.

Нәтижелер

Абай облысы территориясында сақталған эпиграфикалық ескерткіштердің басым көпшілігі XIX ғасырмен шектеліп, арабжазулы құлпытастарды құрайды. Алайда осы этнографиялық кезеңге тиесілі құлпытастардың классификациясы мен нақты саны күні бүгінге дейін жүйеленіп, есептелмеген.

2025 ж. Абай облысын кешенді тарихи-археологиялық зерттеу жұмыстары аясында, этнограф Орынбай Ошановтың бастамасымен этнографиялық экспедиция ұйымдастырылды. Нәтижесінде облыстың Мақаншы, Үржар, Аягөз, Абай және Жаңасемей аудандарында кездесетін кейбір этнографиялық деректер жинақталды (Автордың далалық материалдары, 2025). Олардың ішінде рухани әрі материалдық мұраны құрап отырған сәулет және тарихи ескерткіштерді тіркеу, қазақ зираттарын, яғни төртқұлақты бейіттер мен шошақ бейіттерді ажырату, локацияларын белгілеу жұмыстары жүргізілді.

Алғашқы деректемелік материалдарда Абай облысында «Қозы Көрпеш пен Баян Сұлу» сәулеттік құрылысына негізделген үшбұрыш тәрізді шошақ бейіттердің басым екені байқалды. Көбіне Аягөз, Мақаншы, Үржар аудандарында, ішінара Абай ауданында кездесетін бұндай құрылыстардың бастауы түркілік кезеңмен байланыстырылып, бүгінгі күнге дейін жалғасын тапқанын көреміз (Ошанов, 2025: 12).

Абай облысы орналасқан территорияда құлпытастарды дайындау және жазу үрдісі күрделі әрі тиімсіз болғаны да ықтимал. Оған дәлел ретінде эпиграфикалық ескерткіштердің үлгілері сирек кездеседі немесе уақыттың ағынымен тастар сақталмаған, жазулар оқылмайтын деңгейге жеткен.

Мәселен, зерттеу нысанына алынған құлпытастардың ішінде мәтіні толық сақталған және оқуға жарамды үлгілер негізінен Жаңасемей ауданынан ғана анықталды. XIX ғ. тиесілі жалғыз арабжазулы құлпытас Қайнар ауылынан солтүстік-батысқа қарай 40 шақырым жерде, Киікқашқан мекенінде орналасқан (сурет 1). Ескерткіш өңірдегі құлпытастардың тарихи дерек

ретінде сақталу деңгейін анықтап, эпиграфикалық мұрасын жан-жақты зерттеудің өзектілігін арттыра түсті (Автордың далалық материалдары, 2025).



Сурет 1. Абай облысы, Жаңасемей ауданы.
Киікқашқан панорамасы. 24.06.2025 ж. М. Насыров

Бүгінде Киікқашқан айналасындағы радиуста ірі елді-мекендер жоқ. Тек көне қыстақтар мен ішінара ауыл шаруашылық қожалықтары кездеседі. Анықтау барысында белгілі болғандай, XIX ғ. тиесілі құлпытас мұсылманша дәстүрмен құбылыға қарата орналасқан. Тас ескерткіштің жерден көтеріліп тұрған биіктігі 150 см, ені 50 см, қалыңдығы 13-15 см. Эпиграфикалық мәтінде ескерткіштің Тоқтамыс ибн Базар есімді марқұмға тиесілі екені нақтыланды (сурет 2).



Сурет 2. Тоқтамыс зираты. Киікқашқан. 24.06.2025 ж. М. Насыров

Жергілікті халықтың хабарлауына қарағанда, «Тоқтамыс батыр зираты» деп аталып кеткен шағын қорым бірнеше жерлеу нысандарынан тұрады. Ондағы зират құрылыстары пішіндері біркелкі емес ірілі-ұсақты табиғи тастан, шикі кірпіштен, қабір үстіне оба тәрізді етіп үйілген топырақтан және кейінгі кезеңдерде қолданылған заманауи кірпіштен тұрғызылған (Автордың далалық материалдары, 2025).

Зират аумағынан батысқа қарай бөлек орналасқан бұл құлпытастың нақты қай қабірге қойылғанын анықтау қиындық туғызды. Құбылаға қарата орналасқанын ескерсек, құлпытас жалпылама еске алу нысаны ретінде емес, нақты бір қабірдің үстіне қойылған, тек қабірдің топырағы желмен ұшып, бүгінгі күнге жетпеген тәрізді. Ескерткіштегі мәтінді оқу барысында жергілікті халықтың «Тоқтамыс батыр зираты» деп келген мәліметтері нақтылана түсті (кесте 1).

1 кесте. Тоқтамыс зиратына қойылған құлпытастағы мәтіннің қазіргі қазақ тілі графикасындағы нұсқасы.

Қазіргі қазақ тілі графикасындағы мәтін	Түпнұсқа мәтін
Йа Аллаһ, Йа Рахман / (1)	رحمان يا الله يا
күллү шайин һалик / (2)	هالك شيء كل
уа Һүәл Хайиу әсар Аллаһ / (3)	الله اثر الحي وهو
кад туфийә фи шаһри / (4)	شهر في توفي قد
рабиүл ахр мин / (5)	من الاخر رابع
әс-сәмин уәс-ситун 68/ (6)	٦٨ والستون الثامن
уәләдәт Тоқтамыс ибн / (7)	بن توقتامس ولادت
Базар фи сәнәт әл-һижрат / (8)	الهجرة سنة في بازار
ән-нәбәуийәт сәнә 1296 уа балмиләд / (9)	بالميلاد و ١٢٩٦ سنة النبوية
сәнәт 1879 рахимулла / (10)	الله راحم ١٨٧٩ سنة يته
Ләһ у л н күтүб һәза / (11)	هذا كتبته ن ول لاه

Мәтінге назар аударсақ, өңірдің тілдік табиғатынан алыс, тіпті аймақтағы өзге арабжазулы ескерткіштерде кездесе бермейтін саф араб сөздерінің қолданылғанын байқаймыз. Мәтінде тек антропонимдер ғана қазақ тілінің дыбысталуында жазылған. Облыс аумағындағы құлпытастарда жиі кездесетін түркі тілді етістіктердің «опат болды», «қайтыс болды», «бақиға көшті» және т.б. қолданылмай, «туфийә» сөзінің, яғни «дүниеден өтті» мағынасындағы араб сөзінің жазылуына қарағанда, эпиграфикалық ескерткіш арнайы тапсырыспен не қайтыс болған жылға сәйкес 1879 ж., не XX ғ. басына қарай жаңғыртылып дайындалған деп болжауға болады. Ескерткіштің сақталу сапасы өте жоғары, жазулары анық оқылады.

Құлпытастың алғашқы жолдары мұсылмандық дәстүрмен белгілі бір көркем сөзбен, Құран аяттарының үзінділерімен басталып (араб. бәрі өткінші, тек Алла ғана мәңгі...), жерленген адамның һижра және милади күнтізбелері бойынша қайтыс болған жылы мен айы, жас мөлшері, аты-жөні көрсетілген. Мәтіннің соңында жазушы жайлы ақпарат берілген. Алайда контексттік тұрғыда сөздің (Ләһ у л н?) оқылмауына байланысты, мағынасы анықталған жоқ (Автордың далалық материалдары, 2025).

Жоғарыда айтылғандай, Қазақстан аумағында XIX ғ. тиесілі құлпытастардың алғашқы жолдарында араб тіліндегі діни жазбалар, кәлима шәһадаттар, кейбір нұсқаларда Құран аяттары жазылып, артынша марқұмның аты-жөні, руы мен туған жері, жас мөлшері мен қайтыс болған уақыты туралы мәліметтер қазақ тілінде жазылып отырғаны белгілі. Атырау өңірі құлпытастарындағы мәтінді мысалға алсақ, сол тәртіп сақталған. Мысалы: «Алладан басқа құдай жоқ, Мұхаммед Алланың елшісі» деген сөздер арабша нұсқада, кейінгі жолдар «Адай руғы, Байымбет тайпасы, Күрпе ауылының Қабә Танабай оғылы Мертай Бірман... Жұмай 18 жасында опат болды, 1896-нші жылда» қазақ тілінің ерекшеліктерімен жазылған (Атырау, 2017: 18). Мұндағы «опат» сөзі араб тілінен енген кірме лексема ретінде «дүниеден өту» мағынасын білдіреді. Қазақ тілінің грамматикалық жүйесінде бұл сөз есім сөз қызметінде қабылданып, оған қазақ тіліне тән көмекші «болды» етістігі тіркеседі. Нәтижесінде «опат болды» түріндегі етістік жасалып, өлімді білдіретін тұрақты қолданыс қалыптасқан. Мұндай тәртіп Қазақстанда орналасқан барлық дерлік құлпытастарда кездесіп жатады.

Токтамыс Базарұлына орнатылған ескерткіштің артқы жақ бетінде шеңбер тәріздес пішіннің ішінде Мұхаммед пайғамбардың есімі және төрт халифтің есімдері жазылған. Бұл да мұсылмандық дәстүрді анықтайтын эпиграфикалық белгілердің бірі (Автордың далалық материалдары, 2025).

Семей өңіріндегі арабжазулы ескерткіштердің белгілі бір үлесі Еділ-Орал аймағында қалыптасқан жазу үлгілеріне жақын. Оған себеп ретінде Семей қаласында шоғырланған татар халқы өкілдерінің ықпалы мен ескерткішті дайындайтын адамдардың татар тілді ортадан болуын айтамыз. Мысалы, Татарстан ғалымдары 2016 ж. Семейдің Ескі мұсылман зиратында ұйымдастырылған экспедицияның барысында эпиграфикалық ескерткіштер туралы келесі тұжырымға келген. «Осталар гранит ташын сәнгать кимәленә житкереп эшкәртү (шомарту, ялтырату кебек нәрсәләрне) кирәк эш дип таппағаннар, вәләкин, шуңа карамастан, ядкәрләрнең күбесе эпиграфик һәйкәл ясау таләпләренә жавап бирәдер – текст жыйнақ, укырга аңлаешлы һәм язу хәрефләре дә гасырлар дәвамында яхшы сакланырлык дәрәжәдә башкарылған» (Милли-мәдәни мирасыбыз, 2017: 179).

Яғни, құлпытастардың сапасы жақсы, оқуға жеңіл әрі түсінікті тілмен жазылған. Мұсылмандық дәстүрге қарай, ескерткіштердің көбі араб тіліндегі мәтіндермен, Құран аяттарымен басталатын болған. Мысалы, «Рабби лә тәзәрни фәрдән вә әнтә хәйрел-варисинә» деген Әнбия сүресінің 89-аяты мен кең қолданыста болған «Көллү нәфсин заикател-мәут» сөздері жиі кездеседі. Ал мәтіндерді жазуда жергілікті ұсталар қалыптасқан.

Айталық, Шығыстану институтының ғылыми қызметкері Б. Дүйсенов бұрынғы Семей облысы, Павлодар уезінен шыққан Бәсентиін елінің биі Нөкербек Қазанғапұлының құлпытасын зерттей келе, оның тұлғасына ғана емес, сол кездегі қоғамдық қатынастардың желісіне де қатысты құнды мәліметтерді жеткізіп отыр. Нәтижесінде өңір тарихына қатысты маңызды тарихи және этнографиялық деректерді алу мүмкіндігі қолжетімді болды. Зерттеушінің Нөкербек Қазанғапұлына қойылған ескерткіштегі мәтінді аударып, қалпына келтірген нұсқасына тоқталсақ (кесте 2).

2 кесте. Нөкербек би Қазанғапұлының құлпытасы (1883 ж.). Арабжазулы құлпытас мәтіндерінің Еділ-Орал аймағындағы нұсқасын салыстыра қараудың үлгісі. Б. Дүйсеновтың мысалында (Дүйсенов, 2024: 392-393).

Түпнұсқа мәтін (Мәрданов, Һадиев)	Б. Дүйсеновтың нұсқасы
1) лә ил әһә иллә Аллаһы Мөхәммәд рәсүлуллаһ салаллаһы галәйһи вәссәлләм	Алладан басқа Тәңір жоқ, Мұхаммед Алланың елшісі, Оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын!
2) сәнәи һижри 1300 нчедә 4 рәжәбел- мәржәбдә	Хижра жылы бойынша 1300-інші жылы 4 режеп мәрежепте (раджаб мураджаб)
3) Сәми [пулат] ... сенең Павладар	Семейпалат облысының Павлодар уезі қазақ
4) өйәзе Казакъ ругының Урта Йүз	Арғын руының Орта жүз Бәсентиін елінің
5) Бәстин (?) иленең правитель Нөгәр бәк Карангаб (?)	правителі Нөкербек Қазанғап ұлы патшаның
6) уғылы падишаһның коронованийасыға дәгъвәт	коронованиясына депутат болып барған заманда 63 жасында опат болды. Құдайдан
7) улынып барган заманда 63 йәшендә вафат	рахмет жарылқау болғай еді. Әмин! 1883- інші жылда, 29 апрель (сәуір)
8) улды рәхмәте Ходага гарикъ улгай иде	
9) амин 1883 нче йылда април 29	

Бұндай салыстырмалы талдау нәтижесінде әр өңірдегі өзіндік ерекшеліктер айқындалып, эпиграфикалық ескерткіштердің қалыптасу үрдісі, мазмұндық сипаты мен этнографиялық құндылығы жан-жақты ашылады.

Токтамыс ескерткішінің мәтіні Семей қаласында сақталған Ескі мұсылман қорымындағы құлпытастардың мәтіндерінен өзгеше. Қалалық жердегі үлгілермен сәйкес келмейтіні

байқалады. Айталық, Семей зиратындағы үлгілерді қарасақ, күрделі араб мәтіндерінің үлесі аз (кесте 3).

3 кесте. Ескі мұсылман зиратындағы қабіртастардың үлгілері. Семей қаласы (Милли-мәдәни мирасыбыз, 2017: 183-184, 188, 191).

1867 жыл	1) әл-хөкме Лилләһи 2) Бисмиллаһир-Рахманир-Рахим 3) бу кабергә дөфен улынды 4) Әхмәджан Баязит углы 5) 1810 нче елда туыб 6) 1867 нче елда 3 нче майда 7) вафат улды рәхмәтуллаһи 8) галәйһима
1894 жыл	1) йа Хәййе бисмиллаһир-Рахманир-Рахим йа-Каййум 2) көллү нәфсин заикател-мәүт сөммә иләйна тәржигун 3) әй кардәшләремез ошбу ләвехгә хазир 4) вә назыйр улан диндәшләремез ошбу 5) мәкьбәрәнең сахибе Атантай Баймулак углы 6) к... өч сүрәи ихлас өмид 7) дардыр мәдфүн улынмыш 1894 8) нче сәдәдә рәхмәтуллаһи бәрәхмәтән әл-васыйгатән
1896 жыл	1) 4 нче мәхәллә имамы 2) мулла Әхмәджан Гобәйдулла 3) углы 77 яшендә 4) 1896 елда май 5) 10 да вафат

Семейдегі қабіртастардың үлгілерінде араб және түркі тілдердегі сөздер қатар қолданылып, сол замандағы тілдік нормалар негізінде жазылғанын байқаймыз.

Тоқтамыс Базарұлына қойылған ескерткіштегі мәтін араб тілді сөздерімен көзге түскендіктен, өңірдегі құлпытастарды оқуда және зерттеу ісінде араб тілін меңгерген мамандардың әлі де жетіспейтінін және болашақта олардың Абай облысына тартылу қажеттілігін көрсетіп отыр. Алдын ала деректемелерге сүйене отырып, этноархеологиялық зерттеулерде эпиграфикалық ескерткіштерді оқу және ғылыми айналымға енгізу барысында бірқатар күрделі мәселелердің туындайтыны сезіледі. Солардың ішіндегі ең өзектілерінің бірі – араб, парсы және шағатай тілдерін меңгерген білікті мамандардың тапшылығы. Құлпытастардағы мәтіндердің жергілікті жазба дәстүрлерінде жазылғандықтан, оларды дұрыс оқып, ғылыми тұрғыдан түсіндіру арнайы филологиялық дайындықты талап етеді.

Эпиграфикалық материалдарды тарихи контекстпен байланыстыру мәселесі де өзекті. Көптеген құлпытастарда қоғамдық қызметі мен әлеуметтік мәртебесі туралы мәліметтер шектеулі беріледі. Сондықтан эпиграфикалық деректерді архив құжаттарымен, шежірелік мәліметтермен және ауызша тарихи деректермен салыстыра зерттеу қажеттілігі туындайды. Мысалы, этнографиялық экспедицияның барысында Киікқашқан төңірегіндегі адамдар Тоқтамыс батыр зиратына қатысты естеліктерді толық жеткізе алған жоқ. Ұрпақ арасындағы байланыс үзілген. Мақаланың жазылу уақытында Тоқтамыс Базарұлының тұлғасына қатысты қосымша материалдар анықталмады. Сонымен қатар ескерткіштің қай өңірде және қай адамның қолынан жасалғаны туралы ақпараттың анықталуы үшін салыстыра қарайтын еңбектердің тапшылығы бұл сұрақты ашық қалдырып отыр. Мәселенің зерттелуі пәнаралық ізденістерді талап етеді.

XIX ғ. екінші жартысы – XX ғ. басындағы Семейдегі құлпытастарда Мұхитдин, Сафиулла, Ғали, Ғабделқаюм, Рашид, Идрис есімді ұсталардың есімдері кездеседі (Милли-мәдәни

мирасыбыз, 2017: 179-180). Қалалы жерлерде тас өнерін меңгерген мамандардың артуы жазба үлгілерінің де өзіндік ерекшеліктерінің қалыптасып отырғанын білдіреді. Дәл солай Абай облысы аудандарында эпиграфикалық ескерткіштерді дайындау және оларды ауылдарға жеткізу тәсілдерін зерттеу жеке бір ізденісті талап етеді. Кейбір елді-мекендерде ескерткіш дайындау ісімен айналысқан мамандардың шоғырлануы эпиграфикалық ескерткіштердің пішініне, безендірілуіне және мәтіндік ерекшеліктеріне өзіндік ықпалын тигізетін болған.

Мысалы, отандық ғалымдардың зерттеулері нәтижесінде Абат-Байтақ қорымындағы құлпытас қашаушы ұсталардың есімдері анықталып отыр. Атап айтқанда, Меңдібай тасшы, Нұрали тасшы, Тасшы Мәмбет Нияз, Қуаныш (Мүминов және т.б., 2024: 522).

Киікқашқандағы Тоқтамыс ибн Базарға қойылған құлпытастың үлгісі басқа аудандарда кездескен жоқ. Сондықтан ескерткіштің қайдан және қалай жеткені немесе кімнің дайындағаны туралы ақпаратты анықтау үшін көрші өңірлердегі құлпытастарды зерттеп, каталогын жасау маңызды.

Арабжазулы ескерткіштер Семей өңірінде XX ғ. 60-жылдарына дейін, жекеленген елді-мекендерде 70-жылдарға дейін орнатылған. Ал арнайы маман тарапынан араб сөздерінің дұрыс жазылып, Құран сүрелерінен үзінді келтірілген құлпытастарды дайындау XX ғ. 30-жылдарына дейін жалғасып, одан кейінгі жылдары біртіндеп қолданыстан шыға бастаған.

Мысалы, Семейдің Ескі мұсылман зиратында өңірдегі беделді тұлға болған Тоқмұхаммет Алтынторыұлының құлпытас сақталған. Бейіт қорымның батыс бөлігінде, шеткі бұрышына қарай ығыса орналасқан. Үстінде өлшемдері жер бетінен 13×62×42 см болатын, сақталуы жақсы, гранит негізінде эпиграфикалық ескерткіштің орнатылған. Ескерткіштің беткі қабатында төрт жолдан тұратын эпитафия мәтіні кездеседі, басқа жақ қабаттарында жазбалар кездеспейді (кесте 4).

4 кесте. Тоқмұхаммет Алтынторыұлының қабіріне тиесілі құлпытастағы мәтіннің оқылуы (Насыров, 2024: 19).

Мәтіннің қазақ тілінде оқылуы	Түпнұсқа мәтін
(1) Әл-қажы әл-харамаин Тоқмұхаммет (2) бин Алтынтор 1933 сәнәдә (3) май айында 71 жасында бақиға көшті (4) руы Жалықбас	محمد توق الحرامين الحج دا سنه ١٩٣٣ طور آلطين بن كوشتي عا بقى ياشندا ٧١ آيندا ماى جاليقباس روى

Мәтінде ескерткіштегі сөздер қостілді жазбаға негізделген. Қостілділік тілдердің өзара ықпалдасуына, мәдениеттер арасындағы байланыстың нығаюына ықпал етумен қатар, тарихи кезеңдердегі қоғамдық қатынастар мен мәдени алмасудың маңызды көрсеткіші ретінде бағаланады. Қостілді эпиграфикалық ескерткіштер белгілі бір аймақтағы этномәдени үрдістерді тереңірек талдауға мүмкіндік береді.

Бұл мәселелерді ескере келе, этноархеологиялық зерттеулердің алдында тұрған өзекті мәселелердің бірі деп эпиграфикалық деректерді кешенді талдай алатын қостілді мамандардың тапшылығы мен ескерткіштерге қатысты ауызша тарихи мәліметтерді жинауға бағытталған этнографиялық экспедициялардың жеткіліксіздігін жатқызамыз. Салдарынан тарихи-мәдени ақпарат ғылыми айналымға толық енбей, жергілікті тарихи жадының ұмытылу фактілері біртіндеп артуы мүмкін.

Қорытынды

Абай облысы материалдары негізінде эпиграфикалық ескерткіштерді зерттеудің кейбір мәселелері этноархеологиялық талдаулардың есебінде жүргізілді. Қазақстанның шығыс өңірі түрлі кезеңдерде көпэтносты мәдени қабатты құрағандықтан, бүгінгі күнге жетіп отырған эпиграфикалық ескерткіштердің тілдік құрылымы күрделі. Оны зерттеуде біріншіден, қазақ, татар, шағатай, араб, парсы тілдерін меңгерген мамандардың тартылуы аса қажет. Екіншіден, Абай облысында эпиграфикалық ескерткіштерге қатысты дайындалған ұжымдық еңбектер

шектеулі, шалғай ауылдардағы құлпытасар әлі де оқылмай келеді. Нәтижесінде қолда бар материалдарды облыс шеңберінде салыстыра қарастыру қиынға соғады. Ал басқа аймақтарда құлпытас орнатудың өзіндік бағыттары қалыптасқан, оларды жергілікті материалдармен толықтай салыстыруға келмейтінін мақалада келтірілген мысалдар негізінде талдап көруге тырыстық.

Қорыта айтқанда, жүргізілген этноархеологиялық зерттеу нәтижелері эпиграфикалық ескерткіштердің тарихи-мәдени дерек ретіндегі маңызын көрсетті. Әсіресе әртүрлі өңірлердегі ескерткіштерді салыстыра қарау олардың тілдік және мазмұндық ерекшеліктерін анықтауға, жергілікті тарихи-мәдени үрдістердің даму заңдылықтарын түсінуге мүмкіндік береді.

Осыған байланысты алдағы уақытта эпиграфикалық мұраны кешенді зерттеу жұмыстары өзекті болып қала береді. Абай облысында қостілді мамандар даярлау мен этнографиялық экспедициялардың санын арттыру этноархеология ғылымының дамуы үшін маңызды бағыттар қатарында қарастырылуы тиіс.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

Автордың далалық материалдары. Этнограф Орынбай Ошановтың жетекшілігімен Абай облысы, Жаңасемей ауданында болған этнографиялық экспедицияның материалдары. Абай облысы, Жаңасемей ауданы. 2025 ж.

Аджигалиев С. Абат-Байтак – выдающийся комплекс памятников народного зодчества // Известия АН КазССР. Серия филологическая, 1983. No 2. С. 56-63.

Ажигалиев С.И. Генезис традиционной погребально-культовой архитектуры Западного Казахстана (на основе исследования малых форм). Алматы: Ғылым, 1994. – 260 с.

Ажигали С.Е. «Казахское памятниковедение» как важнейшее научно-практическое направление в сфере культуры // Арало-Каспийский регион в истории и культуре Евразии. М-лы II Междунар. конф., посвящ. 20-летию независимости РК (г. Актобе, 14-18 сентября 2011 г.). Алматы; Актобе: Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова, 2011. С. 337-339.

Ажигали С.Е. Казахские кулпытасы – аналоги якутских сэргэ: ареал, типология, генезис // Северо-Восточный гуманитарный вестник. 2023. № 4 (45). С. 20-36.

Атырау қазақтарының эпиграфикалық ескерткіштері [Мәтін]; [құраст.: М. Кипиев, Ж. М. Белтенев, Р. Е. Қуанов]. – Атырау: Ағатай, 2017. – Мәтін қаз., орыс тілд. Библиогр.: 149-150 б. 1-том. Ақмешіт, Алтын Дәрі, Ұшқан ата қорымдары – 151, [1] б.

Бекназаров Р.А. Памятники общего культурного наследия в российско-казахстанском приграничье: на примере исследования средневековых мавзолеев. «Евразийский перекресток». Сборник материалов научно-практических мероприятий. Выпуск восьмой. Оренбург: Издательско-полиграфический комплекс ОГУ, 2018. – 244 с.

Дүйсенов Б.Д. Еділ-Орал өңірі эпиграфикалық ескерткіштерінде есімі сақталған қазақтың тарихи тұлғаларын табу және тану // «edu.e-history.kz» электрондық ғылыми журналы. 2023. Т. 10. No 2. 387-402 бб.

Маңқыстау мен Үстірт ескерткіштері = Памятники Манкыстау и Устьурта = Monuments of Mankystau and Ustyurt [Мәтін]: кітап-альбом / С. Е. Әжіғали; [ауд.: Б. Өмірбеков, Д. Костина]; Маңғыстау облысының мәдениет басқармасы; Маңғыстау облысының әкімдігі... – Алматы: Өнер, 2014. – 500, [3] б., суретті; + қосымша карталар.

Милли-мәдени мирасыбыз: Казахстан татарлары. Редколлегия: К.М. Миңнуллин (рәис), И.Г. Гомәров, М.И. Әхмәтжанов. Семей. – Казан, 2017. – 360 б.

Мүминов Ә.Қ., Медерова Д.Е., Дүйсенов Б.Д. «Абат-Байтак» қорымының арабжазулы эпиграфикалық ескерткіштері алтын орда кезеңінен кейінгі қоғамның тілдік-мәдени дереккөзі ретінде // Отан тарихы. 2024. Т. 27. No 2. 514-528 бб.

Мұсабаев Ғ. Махмұтов А., Айдаров Ғ. Қазақстан эпиграфикасы. Қазақ ССР Ғылым академиясы; Тіл білімі институты; жауапты ред. Ғ. Мұсабаев. – Алма-Ата: Ғылым, 1971. – Мәтіні қазақ және орыс тілдерінде. Тақырып асты библиогр. 1-шығ. – 161, [2] б.

Насыров М., Каримов М. Абайдың Семейдегі ғұламалар ортасы мәселесіне (шаһардың ХІХ-ХХ ғасыр басындағы діни-қоғамдық келбеті қолжазба және архив құжаттарында) // Шәкәрім университетінің хабаршысы. Тарих ғылымдары сериясы. 2025. №2. – 7-30 б.б.

Насыров М. Семейдегі Ескі мұсылман қорымы // Республикалық «Абай журналы. 2023. №3. – 6-15 бб.

Насыров М. Тоқмұхаммет Алтынторұлының тұлғасы: эпитафия және қолжазба мәтіндерде (дереккөздік анализ) // Шәкәрім университетінің хабаршысы. Тарих ғылымдары сериясы. 2024. №2. – 15-28 бб.

Ошанов О.Ж. Қозы Көрпеш – Баян сұлу, Айғыз және Айбас: Абай облысының ескерткіштерін жаңадан археологиялық зерттеу аясында. Қазақстан археологиясы. 2025. № 3 (29). 11-20 бб.

М.Г. Насыров

Шәкәрім университеті (Семей, Қазақстан)

ПРОБЛЕМЫ ИЗУЧЕНИЯ ЭПИГРАФИЧЕСКИХ ПАМЯТНИКОВ В ЭТНОАРХЕОЛОГИИ (НА МАТЕРИАЛАХ ОБЛАСТИ АБАЙ)

Аннотация. В статье с позиций этноархеологических исследований рассматриваются вопросы выявления и систематизации эпиграфических памятников, встречающихся в области Абай. В археологии Казахстана этноархеологические исследования охватывают важные направления, и в советский период также были опубликованы отдельные работы. В настоящее время этноархеология в определённой степени представляет собой самостоятельную область с уже сформировавшейся школой специалистов. Однако исследования эпиграфических памятников в данной сфере по стране до сих пор не охватывают её полностью. Так, основная часть исследований, посвящённых эпиграфике, сосредоточена в южных и западных регионах Казахстана и проводится либо в рамках крупных проектов, либо по индивидуальным исследовательским интересам.

В статье данная проблема анализируется на основе надгильных памятников, обнаруженных в районах области Абай и на старом кладбище города Семей. Поскольку большинство эпиграфических памятников региона представлено арабографичными надгробиями, в ходе исследования ощущалась нехватка специалистов и недостаточность научной литературы. Кроме того, было установлено, что надгробия в отдельных районах сохранились фрагментарно и рассредоточенно. Для их сравнительного изучения необходимо расширение и углубление материальной базы.

Анализ предварительных данных этнографической экспедиции, проведённой в области Абай в 2025 году, показал наличие ряда проблем в исследовании эпиграфических памятников в этноархеологии. Хотя отдельные памятники региона были описаны, а тексты представлены научному сообществу, ощущается недостаток мнений кодикологов и специалистов по арабскому языку. С целью более глубокого раскрытия данной проблемы эпиграфические памятники области Абай были положены в основу исследования, а выявленные проблемы и выводы представлены научному сообществу.

Ключевые слова: область Абай, Жанасемейский район, кладбище Токтамыс, город Семей, Старое мусульманское кладбище, этноархеология, эпиграфический памятник, надгробие.

Благодарность: Статья подготовлена в рамках программно-целевого финансирования Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан на 2024-2026 годы, в рамках проекта BR24992916 «Комплексные историко-археологические исследования области Абай».

M.G. Nassyrov

Shakarim University (Semey, Kazakhstan)

PROBLEMS OF STUDYING EPIGRAPHIC MONUMENTS IN ETHNOARCHAEOLOGY (BASED ON MATERIALS FROM ABAI REGION)

Abstract. The article examines issues of identification and systematization of epigraphic monuments found in the Abai Region from the perspective of ethnoarchaeological research. In the archaeology of Kazakhstan, ethnoarchaeological studies cover important areas, and several works were also published during the Soviet period. At present, ethnoarchaeology represents a relatively independent field with an established scholarly school. However, research on epigraphic monuments within this field is still not fully comprehensive across the country. In particular, the majority of studies devoted to epigraphy are concentrated in the southern and western regions of Kazakhstan and are conducted either within large-scale projects or as part of individual research interests.

This article analyzes the issue based on funerary monuments discovered in the districts of the Abai Region and at the Old Cemetery of the city of Semey. Since most of the epigraphic monuments in the region are represented by Arabic-script tombstones, a shortage of specialists and insufficient academic literature was noted during the study. In addition, it was established that in certain areas the tombstones are preserved in a fragmented and dispersed state. For their comparative study, the expansion and deepening of the material base is required.

The analysis of preliminary data from the ethnographic expedition conducted in the Abai Region in 2025 revealed a number of problems in the study of epigraphic monuments within ethnoarchaeology. Although individual monuments of the region have been described and their inscriptions presented to the scholarly community, there is a lack of input from codicologists and Arabic language specialists. In order to provide a more comprehensive understanding of this issue, the epigraphic monuments of the Abai Region were taken as the main source base of the study, and the identified problems and conclusions were presented to the academic community.

Keywords: Abai Region, Zhanasemey District, Toktamys Cemetery, Semey, Old Muslim Cemetery, ethnoarchaeology, epigraphic monument, tombstone.

Acknowledgement: The article was prepared within the framework of program-targeted funding of the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan for 2024-2026, under project BR24992916 "Comprehensive historical and archaeological research of the Abay region".

References

- Avtordyn dalalyq materialdary. Jetnograf Orynbaý Oshanovtyn zhetekshiligimen Abaj oblysy, Zhanasemey audanynda bolgan etnografijalyq ekspedicijanyn materialdary. Abaj oblysy, Zhanasemey audany. 2025 zh.
- Adzhigaliev S. Abat-Bajtak – vydajushhijsja kompleks pamjatnikov narodnogo zodchestva // Izvestija AN KazSSR. Serija filologicheskaja, 1983. No 2. S. 56-63.
- Azhigaliev S.I. Genezis tradicionnoj pogrebalno-kultovoj arhitektury Zapadnogo Kazahstana (na osnove issledovanija malyh form). Almaty: Gylym, 1994. – 260 s.
- Azhigali S.E. «Kazahskoe pamjatnikovedenie» kak vazhnejshee nauchno-prakticheskoe napravlenie v sfere kultury // Aralo-Kaspijskij region v istorii i kulture Evrazii. M-ly II Mezhdunar. konf., posvjashh. 20-letiju nezavisimosti RK (g. Aktobe, 14–18 sentjabrja 2011 g.). Almaty; Aktobe: Institut istorii i jetnologii im. Ch.Ch. Valihanova, 2011. S. 337-339.
- Azhigali S.E. Kazahskie kulpytasy – analogi jakutskih sjerger: areal, tipologija, genezis // Severo-Vostochnyj gumanitarnyj vestnik. 2023. № 4 (45). S. 20-36.
- Atyrau qazaqtarynyn epigrafikalyq eskertkishteri [Matin]; [qurast.: M. Kipiev, Zh.M. Beltenov, R.E. Quanov]. – Atyrau: Agataj, 2017. – Matin kaz., orys tild. Bibliogr.: 149-150 b. 1-tom. Aqmeshit, Altyn Dari, Ushqan ata qorymdary – 151, [1] b.

Beknazarov R.A. Pamjatniki obshhego kulturnogo nasledija v rossijsko-kazahstanskom prigraniche: na primere issledovaniya srednevekovykh mavzoleev. «Evrazijskij perekrestok». Sbornik materialov nauchno-prakticheskikh meroprijatij. Vypusk vosmoj. Orenburg: Izdatelsko-poligraficheskij kompleks OGU, 2018. – 244 s.

Duisenov B.D. Edil-Oral ongiri epigrafikalyq eskertkishterinde esimi saqtalghan qazaqtyn tarihi tulgalaryn tabu zhane tanu // «edu.e-history.kz» elektron dyq gylymi zhurnal. 2023. T.10. No2. 387-402 bb.

Mangystau men Ustirt eskertkishteri = Pamjatniki Mangystau i Ustjurt = Monuments of Mangystau and Ustyurt [Matin]: kitap-albom / S.E. Azhigali; [aud.: B. Omirbekov, D. Kostina]; Mangystau oblysynyn madeniet basqarmasy; Mangystau oblysynyn akimdigi... – Almaty: Oner, 2014. – 500, [3] b., suretti; + qosymsha kartalar.

Milli-madani mirasybyz: Kazakhstan tatarlary. Redkollegiya: K.M. Minnullin (rais), I.G. Gomarov, M.I. Ahmetzhanov. Semej. – Kazan, 2017. – 360 b.

Muminov A.K., Mederova D.E., Duisenov B.D. «Abat-Bajtak» qorymynyn arabzhazuly epigrafikalyq eskertkishteri Altyn Orda kezhenen kejingi qogamnyn tildik-madeniet derekkozi retinde // Otan tarihy. 2024. T. 27. No 2. 514-528 bb.

Musabaev G., Mahmutov A., Aydarov G. Qazaqstan jepigrafikasy. Qazaq SSR Gylym akademijasy; Til bilimi instituty; zhauapty red. G. Musabaev. – Alma-Ata: Gylym, 1971. – Matini qazaq zhane orys tilderinde. Taqyryp asty bibliogr. 1-shygh. – 161, [2] b.

Nasyrov M., Karimov M. Abajdyn Semejdegі ғulamalar ortasy maselesine (qalanyn XIX–XX gasyr basyndagy dini-kogamdyq kelbeti qolzhazba zhane arhiv quzhattarynda) // Shakarim universitetinin habarshysy. Tarih gylymdary serijasy. 2025. №2. – 7-30 bb.

Nasyrov M. Semejdegі Eski musylman qorymy // Respublikalyq «Abaj zhurnaly». 2023. №3. – 6-15 bb.

Nasyrov M. Tokmuhamet Altyntorulynyn tulgasy: epitafija zhane qolzhazba matinderde (derekközdik analiz) // Shakarim universitetinin habarshysy. Tarih gylymdary serijasy. 2024. №2. – 15-28 bb.

Oshanov O.Zh. Qozy Korpesh – Bayan sulu, Aigyz zhane Aibas: Abaj oblysynyn eskertkishterin zhana archeologijalyq zertteu ajasynda. Qazaqstan archeologijasy. 2025. №3 (29). 11-20 bb.

Авторлар туралы мәліметтер:

Насыров Мадияр Газинурович – Шәкәрім Университеті, Тарих кафедрасының магистранты, «Тарих және археология» ғылыми орталығының ғылыми қызметкері, Семей, Қазақстан.

Information about the authors:

Nassyrov Madiyar Gazinurovich – Master's student of the Department of History, Shakarim University, Researcher at the Scientific Center "History and Archeology", Semey, Kazakhstan.

Сведения об авторах:

Насыров Мадияр Газинурович – магистрант кафедры Истории, Шәкәрім университет, научный сотрудник Научного центра «История и археология», Семей, Казахстан

Редакцияға енуі 08.04.2026

Өңдеуден кейін түсуі 19.05.2026

Жариялауға қабылданды 28.06.2026